

Комсомолецтер—партияның жауынгер көмекшісі

Ленин—Сталин комсомолы халқымыздың бостандығы, намысы мен тәуелсіздігі үшін неміс-фашист басқыншыларға қарсы отан соғысында қаһармандықтың, ерлік пен батырлықтың тамаша үлгілерін көрсетуде. Комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастар өнеркәсіп орындарында, МТС-тарда, колхоздар мен совхоздарда аянбай еңбек етіп, Қызыл Армияның неміс оккупанттарды бір-жолата талқандауына мейлінше көмектесуде.

Облысымыздың колхоздарында, совхоздары мен МТС-тарында көктемгі егіске даярлық жұмыстарын ойдағыдай аяқтау ісінде жастар шешуші роль атқарды. Чкалов ауданындағы «Октябрь 2-ші» колхозы комсомол ұйымының (секретарі Айтқожин жолдас) көмегі арқасында көктемгі егіске ойдағыдай дайындалды. Ильич атындағы МТС мастерскойында комсомолка Юршина жолдасын басқаруындағы комсомолец жұмысшылардан құралған ремонт бригадасы өз инициативасымен 2 тракторды планнан тыс ремонттады.

КК(б)П облыстық комитетінің VIII пленумы облыс комсомол ұйымдарының жұмыстарындағы елеулі кемшіліктерді КК(б)П аудандық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары секретарларының, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлімдері бастықтарының комсомолға ойдағыдай басшылық жасай алмауының нәтижесінен болды деп тауып, өзінді қаулысында «КК(б)П аудандық комитеттері мен Петропавл қалалық комитеті, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлімдері, бастауыш партия ұйымдары комсомол ұйымдарына өздерінің басшылығын шын мәнісінде жақсартып, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің VIII Пленумының «Республиканың комсомол ұйымдарына партия басшылығын жақсарту туралы» қаулысын мүлтіксіз орындауға міндеттелсін» деді.

Кейбір аудандарда комсомол жұмысына жете көңіл бөлінбей келді. Мысалы, КК(б)П Ленин аудандық комитеті 1942 жылы комсомолдың аудандық комитеті секретарінің бірде бір баяндамасын тыңдамаған, ал осы аудандық комитеттің жанындағы бастауыш комсомол ұйымының секретарі Кононова жолдас екі жылдың ішінде комсомолецтердің бірде бір жыйылысын өткізбеген. Бұл комсомол жұмысына мүлде нем кетті қарағандық емеспе?

Көкшетау ауданындағы «Қызыл сая» колхозының бастауыш комсомол ұйымы (секретарі Зелелов жол-

дас) колхоз шаруашылығында инициатива көрсетпеген. Мұнда комсомолецтер арасында КК(б)П Орталық Комитеті мен облыстық комитетінің VIII Пленумдарының қаулылары осы күнге дейін талқыланбаған, комсомолецтер мүшелік жарналарын төлемейді, ұйымның жұмыс планы жоқ, өткізілген жыйылыстарының протоколдары жазылмаған. Комсомол ұйымы жұмысының мұншалық нашар болуына ең алдымен бастауыш партия ұйымының секретарі Сыздықова жолдас кінәлі. Өйткені ол осы кемшіліктердің бірін де «көрмеген».

Филимонов жолдас директор болып істейтін завод партия ұйымының секретарі Романцов жолдас та комсомол жұмысымен шұғылданбайды. Партия жыйылысында 3 айдан бері комсомол комитетінің бір рет те баяндамасы тыңдалмаған. Комсомолецтер арасында дисциплина бәсеңдеген, комсомол мүшелері Хомжо, Завьялова комсомол жыйылыстарына қатыспайды. Комсомол комитетінің секретарі Писоченко жолдас өз жұмысына мүлде жауапсыз қарайды. Бұл секілді мысалдар некен-саяқ емес.

КК(б)П аудандық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары секретарларының комсомолға басшылық жасау ісіне бұл секілді неміскүрайды қарауына ешбір төзуге болмайды. Олар өздерінің комсомолға басшылығын КК(б)П Орталық және облыстық комитеті VIII Пленумдарының қаулылары негізінде қайта құрулары керек.

Соғыс кезіндегі екінші көктемгі егісті агротехникалық жоғары дәрежеде ойдағыдай өткізу—комсомол ұйымдарының негізгі айбынды міндеті болып саналады. Егіннен мол өнім алу үшін барлық күш-қайратты жұмсап, колхозшыларды өнімді еңбек істеуге жұмылдыру, дала қостарында мәдени-көпшілік жұмыстарын пәрменді түрде жүргізу—комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастардың абройлы ісі.

Облысымыздың партия ұйымдары өздерінің комсомолға басшылығын шын мәнісінде күшейтіп, комсомолецтер мен жас патриоттарды былай егіннен соғыс уақытының талабына лайық неғұрлым мол өнім алу ісіне жұмылдыра білуге тиіс.

Комсомолецтер, егіс кезінде бұрынғыдан да өнегелі жұмыс істеп, большевиктік партияның жауынгер көмекшісі деген атақты ақтай білімдері

13 апрельге қараған түнде совет самолеттері Кенигсберг қаласына шабуыл жасады. Самолеттеріміз екі сағаттан астам уақыт Кенигсбергтің соғыс-шаруашылық объектілерін ойдағыдай бомбалады. Көп жерде өрт және күшті взрывтар болғандығы байқалды. Әсіресе машина құрылысы заводы, электр

станциясы, артиллерия заводы, аэродром, темір жол торабы мен соғыс складтары бар ауданда зор өрттер шықты. Өрттің жалыны 100 километр жерден көрініп тұрды. Екі самолеттен басқа самолеттеріміздің бәрі өз базаларына қайтып келді, бұл екі самолет іздестірілуде.

Облысымызда егін жұмыстары басталды

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС пен совхоздардың жұмысшылары! Егіс даласында жанаямай жұмыс істеп, быйыл егіннен неғұрлым мол өнім алу ісін қамтамасыз етіңдер!

Көктемгі егіс жұмысы басталды

КЕЛЛЕР. (Өз тілшімізден). Келлер ауданының көптеген колхоздарында көктемгі егіс жұмыстары басталды. Колхоздардың көпшілігі егістік жерді тырмалау жұмысына қызу кірісті. 15 апрель күні аудан көлемінде 5000 гектар жер тырмаланды.

«Красная заря» ауылшаруашылық артелинің мүшелері көктемгі егіс жұмысының алғашқы күндерінен бастап-ақ еңбек үлгісін көрсетуде. Бұл колхозда тырмалануға тиісті 1102

гектар егістік жер алаңы түгел тырмаланып болды. Колхозшылардың көпшілігі күнбе-күнгі жұмыс нормасын артығымен орындап жүр. Колхозда сыйырлармен жұмыс істеу жақсы ұйымдастырылды. Сыйырлармен жұмыс істеуші колхозшылар күніне 3 гектар жер тырмалау нормасын артығымен орындап, күніне 3,5—4 гектар егістік жер алаңын тырмалайды.

Аудан колхоздарында егіс жұмысы өріс алып, қызу жүргізілуде.

Егіс жұмысының алғашқы күндері

НОВО-СУХОТИНО. (Телефонмен). Красноармейскі ауданының колхоздары көктемгі егіс жұмыстарын мол әзірлікпен бастады. Бірсыпра колхоздар егіске ұйымдасқан түрде кірісті. Октябрь МТСның қамтуындағы колхоздарда 1.600 гектар егіс жері тырмаланды. 30 гектар тың жер жыртылды.

Тайынша МТСның қамтуындағы колхоздар 600 гектар егістік жерді тырмалап, 8 гектар тың жер жыртты.

Егістің алғашқы күндері бірсыпра колхоздардың көктемгі егіс жұмысына ойдағыдай әзірленгендіктерін көрсетті.

Кемшіліктерді дереу жоюда

Совет ауданындағы Бейнеткор МТСның саясаттық бөлімі арнаулы комиссия арқылы МТС қамтуындағы колхоздардың жұмыс малдарының көктемгі егіске әзірлігін байқады. Комиссия 13 колхоздың жұмыс көлігінің жайын тексерді.

«Үш қызыл» колхозында жұмыс малын (Балғабаева және Раисова жолдастар сыяқты таңдаулы колхозшылар күтеді. Олар күпкен 24 өгіз бен 8 аттың қоны жақсы. «Еркіндік» колхозында да көліктің қоны айтарлықтай. Мұнда комсомолка бригадир Сыздықова жолдас жұмыс малын көктемгі егіске ойдағыдай әзірлеу ісіне ерекше назар аударуда. Бұл колхозда көліктің қоны орташадан жоғары. Жұмыс малына «Баянды», «Төңкеріс», «Да-

йындық» және «Қарағайлы» колхоздарында да зор көңіл бөлінді.

Тексеру бригадасы 13 колхоздағы 631 жұмыс малынан 220 күшкөлігінің қоны өте нашар екенін анықтады.

Әсіресе «Борьба» колхозының басшылары (председателі Бойко жолдас) жұмыс малын күту ісіне жауапсыз қарап отыр. Мұнда 87 өгіз, 59 ат арықтаған. «Қара тал» колхозында 11 жұмыс малы жұмысқа жарағысыз болған. «Совет» колхозында да жағдай осындай.

Қазір бұл колхоздар күш-көлігін күту жөніндегі кемшіліктерді іс үстінде дереу жоюда.

И. КАЛИН,

Бейнеткор МТС саясаттық бөлімі бастығының орынбасары.

ЖАУЫНГЕР РЕЗЕРВ ДАЯРЛАУДА

Облысымыздың жалпыға бірдей әскери оқу бөлімдерінде Қызыл Армияға жауынгер резерв дайындап беру үшін социалистік жарыс пәрменінше өрістеуде. Әскери оқу бөлімдерінде үйренуші мергендердің 80 проценті 130 сағаттық программа бойынша емтиханды ойдағыдай тапсырды.

Журбенко жолдас начальник болып істейтін, бөлімшенің жауынгерлері броня бұзу мамандығын ойдағыдай меңгерді. Бұл бөлімшенің жауынгерлері танкке қарсы ататын мылтықтың материалдық бөлшектерімен танысып, оның ату әдістерін тамаша үйренді. Әсіресе сержант Капустин жолдас командир болып істейтін мергендер взводы зор табыстарға жетті. Взводтың барлық

жауынгерлері программада көрсетілген мергендік жаттығу шарттарын өте жақсы орындады.

Совет патриоттары әскери мамандықты зор ықласпен меңгеруде. Облысымызда мергендер мен автоматчиктер, броня бұзушылар, минометчиктер, пулеметчиктер планға қарағанда үш есе артық дайындалды. Мергендер Агаев және Омосов, пулеметчиктер Казаченко мен Савельев, броня бұзушылар Фролов пен Вавилов және басқа жолдастар әскери мамандықты тамаша меңгерді. Жалпыға бірдей әскери оқу бөлімдерінің командирлері мен саяси қызметкерлері май мерекесін әскери оқу ісінде зор табыстармен қарсы алуға уәде берді.

С. СМАЙЛОВ.

Комсомолецтер—партияның жауынгер көмекшісі

Ленин—Сталин комсомолы халқымыздың бостандығы, намысы мен тәуелсіздігі үшін неміс-фашист басқыншыларға қарсы отан соғысында қаһармандықтың, ерлік пен батырлықтың тамаша үлгілерін көрсетуде. Комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастар өнеркәсіп орындарында, МТС-тарда, колхоздар мен совхоздарда аянбай еңбек етіп, Қызыл Армияның неміс оккупанттарды бір-жолата талқандауына мейлінше көмектесуде.

Облысымыздың колхоздарында, совхоздары мен МТС-тарында көктемгі егіске даярлық жұмыстарын ойдағыдай аяқтау ісінде жастар шешуші роль атқарды. Чкалов ауданындағы «Октябрь 2-ші» колхозы комсомол ұйымының (секретарі Айтқожин жолдас) көмегі арқасында көктемгі егіске ойдағыдай дайындалды. Ильич атындағы МТС мастерскойында комсомолка Юршина жолдасын басқаруындағы комсомолец жұмысшылардан құралған ремонт бригадасы өз инициативасымен 2 тракторды планнан тыс ремонттады.

ҚК(б)П облыстық комитетінің VIII пленумы облыс комсомол ұйымдарының жұмыстарындағы елеулі кемшіліктерді ҚК(б)П аудандық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары секретарларының, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлімдері бастықтарының комсомолға ойдағыдай басшылық жасай алмауының нәтижесінен болды деп тауып, өзіндік қаулысында «ҚК(б)П аудандық комитеттері мен Петропавл қалалық комитеті, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлімдері, бастауыш партия ұйымдары комсомол ұйымдарына өздерінің басшылығын шын мәнісінде жақсартып, Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің VIII Пленумының «Республиканың комсомол ұйымдарына партия басшылығын жақсарту туралы» қаулысын мүлтіксіз орындауға міндеттелсін» деді.

Кейбір аудандарда комсомол жұмысына жете көңіл бөлінбей келді. Мысалы, ҚК(б)П Ленин аудандық комитеті 1942 жылы комсомолдың аудандық комитеті секретарінің бірде бір баяндамасын тыңдамаған, ал осы аудандық комитеттің жанындағы бастауыш комсомол ұйымының секретарі Кононова жолдас екі жылдың ішінде комсомолецтердің бірде бір жыйылысын өткізбеген. Бұл комсомол жұмысына мүлде нем кетті қарағандық емеспе?

Көкшетау ауданындағы «Қызыл сая» колхозының бастауыш комсомол ұйымы (секретарі Зелелов жол-

дас) колхоз шаруашылығында инициатива көрсетпеген. Мұнда комсомолецтер арасында ҚК(б)П Орталық Комитеті мен облыстық комитетінің VIII Пленумдарының қаулылары осы күнге дейін талқыланбаған, комсомолецтер мүшелік жарналарын төлемейді, ұйымның жұмыс планы жоқ, өткізілген жыйылыстарының протоколдары жазылмаған. Комсомол ұйымы жұмысының мұншалық нашар болуына ең алдымен бастауыш партия ұйымының секретарі Сыздықова жолдас кінәлі. Өйткені ол осы кемшіліктердің бірін де «көрмеген».

Филимонов жолдас директор болып істейтін завод партия ұйымының секретарі Романцов жолдас та комсомол жұмысымен шұғылданбайды. Партия жыйылысында 3 айдан бері комсомол комитетінің бір рет те баяндамасы тыңдалмаған. Комсомолецтер арасында дисциплина бәсеңдеген, комсомол мүшелері Хомжо, Завьялова комсомол жыйлыстарына қатыспайды. Комсомол комитетінің секретарі Писоченко жолдас өз жұмысына мүлде жауапсыз қарайды. Бұл секілді мысалдар некен-саяқ емес.

ҚК(б)П аудандық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары секретарларының комсомолға басшылық жасау ісіне бұл секілді неміскүрайды қарауына ешбір төзуге болмайды. Олар өздерінің комсомолға басшылығын ҚК(б)П Орталық және облыстық комитеті VIII Пленумдарының қаулылары негізінде қайта құрулары керек.

Соғыс кезіндегі екінші көктемгі егісті агротехникалық жоғары дәрежеде ойдағыдай өткізу—комсомол ұйымдарының негізгі айбынды міндеті болып саналады. Егіннен мол өнім алу үшін барлық күш-қайратты жұмсап, колхозшыларды өнімді еңбек істеуге жұмылдыру, дала қостарында мәдени-көпшілік жұмыстарын пәрменді түрде жүргізу—комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастардың абройлы ісі.

Облысымыздың партия ұйымдары өздерінің комсомолға басшылығын шын мәнісінде күшейтіп, комсомолецтер мен жас патриоттарды былай егіннен соғыс уақытының талабына лайық неғұрлым мол өнім алу ісіне жұмылдыра білуге тиіс.

Комсомолецтер, егіс кезінде бұрынғыдан да өнегелі жұмыс істеп, большевиктік партияның жауынгер көмекшісі деген атақты ақтай білімдері

13 апрельге қараған түнде совет самолеттері Кенигсберг қаласына шабуыл жасады. Самолеттеріміз екі сағаттан астам уақыт Кенигсбергтің соғыс-шаруашылық объектілерін ойдағыдай бомбалады. Көп жерде өрт және күшті взрывтар болғандығы байқалды. Әсіресе машина құрылысы заводы, электр

станциясы, артиллерия заводы, аэродром, темір жол торабы мен соғыс складтары бар ауданда зор өрттер шықты. Өрттің жалыны 100 километр жерден көрініп тұрды. Екі самолеттен басқа самолеттеріміздің бәрі өз базаларына қайтып келді, бұл екі самолет іздестірілуде.

Облысымызда егін жұмыстары басталды

Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, МТС пен совхоздардың жұмысшылары! Егіс даласында жанаямай жұмыс істеп, быйыл егіннен неғұрлым мол өнім алу ісін қамтамасыз етіңдер!

Көктемгі егіс жұмысы басталды

КЕЛЛЕР. (Өз тілшімізден). Келлер ауданының көптеген колхоздарында көктемгі егіс жұмыстары басталды. Колхоздардың көпшілігі егістік жерді тырмалау жұмысына қызу кірісті. 15 апрель күні аудан көлемінде 5000 гектар жер тырмаланды.

«Красная заря» ауылшаруашылық артелинің мүшелері көктемгі егіс жұмысының алғашқы күндерінен бастап-ақ еңбек үлгісін көрсетуде. Бұл колхозда тырмалануға тиісті 1102

гектар егістік жер алаңы түгел тырмаланып болды. Колхозшылардың көпшілігі күнбе-күнгі жұмыс нормасын артығымен орындап жүр. Колхозда сыйырлармен жұмыс істеу жақсы ұйымдастырылды. Сыйырлармен жұмыс істеуші колхозшылар күніне 3 гектар жер тырмалау нормасын артығымен орындап, күніне 3,5—4 гектар егістік жер алаңын тырмалайды.

Аудан колхоздарында егіс жұмысы өріс алып, қызу жүргізілуде.

Егіс жұмысының алғашқы күндері

НОВО-СУХОТИНО. (Телефонмен). Красноармейскі ауданының колхоздары көктемгі егіс жұмыстарын мол әзірлікпен бастады. Бірсыра колхоздар егіске ұйымдасқан түрде кірісті. Октябрь МТСның қамтуындағы колхоздарда 1.600 гектар егіс жері тырмаланды. 30 гектар тың жер жыртылды.

Тайынша МТСның қамтуындағы колхоздар 600 гектар егістік жерді тырмалап, 8 гектар тың жер жыртты.

Егістің алғашқы күндері бірсыра колхоздардың көктемгі егіс жұмысына ойдағыдай әзірленгендіктерін көрсетті.

Кемшіліктерді дереу жоюда

Совет ауданындағы Бейнеткор МТСның саясаттық бөлімі арнаулы комиссия арқылы МТС қамтуындағы колхоздардың жұмыс малдарының көктемгі егіске әзірлігін байқады. Комиссия 13 колхоздың жұмыс көлігінің жайын тексерді.

«Үш қызыл» колхозында жұмыс малын (Балғабаева және Раисова жолдастар сыяқты таңдаулы колхозшылар күтеді. Олар күпкен 24 өгіз бен 8 аттың қоны жақсы. «Еркіндік» колхозында да көліктің қоны айтарлықтай. Мұнда комсомолка бригадир Сыздықова жолдас жұмыс малын көктемгі егіске ойдағыдай әзірлеу ісіне ерекше назар аударуда. Бұл колхозда көліктің қоны орташадан жоғары. Жұмыс малына «Баянды», «Төңкеріс», «Да-

йындық» және «Қарағайлы» колхоздарында да зор көңіл бөлінді.

Тексеру бригадасы 13 колхоздағы 631 жұмыс малынан 220 күшкөлігінің қоны өте нашар екенін анықтады.

Әсіресе «Борьба» колхозының басшылары (председателі Бойко жолдас) жұмыс малын күту ісіне жауапсыз қарап отыр. Мұнда 87 өгіз, 59 ат арықтаған. «Қара тал» колхозында 11 жұмыс малы жұмысқа жарағысыз болған. «Совет» колхозында да жағдай осындай.

Қазір бұл колхоздар күшкөлігін күту жөніндегі кемшіліктерді іс үстінде дереу жоюда.

И. КАЛИН,
Бейнеткор МТС саясаттық бөлімі бастығының орынбасары.

ЖАУЫНГЕР РЕЗЕРВ ДАЯРЛАУДА

Облысымыздың жалпыға бірдей әскери оқу бөлімдерінде Қызыл Армияға жауынгер резерв дайындап беру үшін социалистік жарыс пәрменінше өрістеуде. Әскери оқу бөлімдерінде үйренуші мергендердің 80 проценті 130 сағаттық программа бойынша емтиханды ойдағыдай тапсырды.

Журбенко жолдас начальник болып істейтін, бөлімшенің жауынгерлері броня бұзу мамандығын ойдағыдай меңгерді. Бұл бөлімшенің жауынгерлері танкке қарсы ататын мылтықтың материалдық бөлшектерімен танысып, оның ату әдістерін тамаша үйренді. Әсіресе сержант Капустин жолдас командир болып істейтін мергендер взводы зор табыстарға жетті. Взводтың барлық

жауынгерлері программада көрсетілген мергендік жаттығу шарттарын өте жақсы орындады.

Совет патриоттары әскери мамандықты зор ықласпен меңгеруде. Облысымызда мергендер мен автоматчиктер, броня бұзушылар, минометчиктер, пулеметчиктер планға қарағанда үш есе артық дайындалды. Мергендер Агаев және Омосов, пулеметчиктер Казаченко мен Савельев, броня бұзушылар Фролов пен Вавилов және басқа жолдастар әскери мамандықты тамаша меңгерді. Жалпыға бірдей әскери оқу бөлімдерінің командирлері мен саяси қызметкерлері май мерекесін әскери оқу ісінде зор табыстармен қарсы алуға уәде берді.

С. СМАЙЛОВ.

